

Түркістан облысының облыстық маңызы бар қалаларында бағалау аймақтарының шекаралары және жер участелері үшін төлемақының базалық ставкасына қолданылатын түзету коэффициенттерін белгілеу туралы

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2001 жылғы 27 маусымдағы N 11/127-II шешімі. Оңтүстік Қазақстан облыстық Әділет басқармасында 2001 жылғы 27 маусымда N 326 тіркелді

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Түркістан облыстық мәслихатының 10.12.2021 № 13/138-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 11-бабы 1 -тармағына сәйкес облыс әкімияты енгізген ұсынысын қарап, облыстық мәслихат шешті.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 27.03.2008 N 5/79-IV (алғаш ресми жарияланғаннан күнінен бастап он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Түркістан облысының облыстық маңызы бар қалаларында бағалау аймақтарының шекаралары және жер участелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері 1 және 2-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облыстық мәслихатының 10.12.2021 № 13/138-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. Шешім 2-тармақпен толықтырылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 27.03.2008 N 5/79-IV (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2001 жылғы 27 маусымдағы № 11/127-11 шешіміне 1 қосымша

Түркістан облысының облыстық маңызы бар қалаларында бағалау аймақтарының шекаралары

Ескеरту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облыстық мәслихатының 25.06.2025 № 17/237-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Түркістан қаласы бойынша:

1-ші аймақ: "Қазақ темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны, "Алтын-дән" акционерлік қоғамы аумақтарында, Абылайхан көшесі, депоның мұнай қоймасы, Тәуке-хан даңғылы, Университет қалашығының құрылышына бөлінген жер орналасқан жер участекелері;

2-ші аймақ: И.Юлдашев, Төлеби көшелері, Ш.Ниязов, Абылайхан көшелері, Тауке-хан даңғылы мен автобаза аумағында орналасқан жер участекелері;

3-ші аймақ: Ерубаев, Әбубәкір Төлеби, Кенесары, С.Қожанов, Төреқұлов, Үәлиханов, Б.Байтасов көшелері, Тауке хан даңғылы, Автобаза аумағы, №20 және №21 кварталда орналасқан жер участекелері;

4-ші аймақ: С.Қожанов, Т.Бокин, Н.Төреқұлов, Әбдірахманов, Әл-Фараби, Хакназар хан, Тастак, Әйтеке-би, Байбұл ата, Қазыбек-би, Еділбаев, Жансүгіров, Абылайхан көшелері, Тәукехан даңғылы Есімхан алаңы, Арғыс-Түркістан каналы орналасқан жер участекелері, Университет қалашығының жерлері, қаланды айналмалы жолы орналасқан жер участекелері;

5-ші аймақ: Түркістан-Кентау темір жолы маңайы, Қ.Спатаев, С.Ерубаев, Әбдірахманов, С.Қожанов, Хақназар хан, Л.Толстой, Әл-Фараби, Әйтеке-би, Тастак, Қазыбек-би, Ғ.Мұратбаев, М.Жалил, Ж.Едилбайев, И.Жансүгіров көшелерінде орналасқан жер участекелері;

6-шы аймақ: Жарылқапов, Т.Нышанов, С.Ерубаев, Кенесары, Әбубәкір қажы, Ы.Алтынсарин, Төле би, Абылай хан, Н.Төреқұлов көшелері, Тәуке хан даңғылында орналасқан жер участекелері, "Қазақ темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының және "Алтын дән" акционерлік қоғамының жерлері орналасқан жер участекелері;

7-ші аймақ: депо мұнай қоймасы аумағы, Абылай хан, Ибрахим ата, Ж.Қыдыров, Төле би, И.Юлдашев, С.Ерубаев, Б.Майлин, Т.Рысқұлов көшелері және Түркістан-Кентау темір жолы мен "Қазақ темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны маңында орналасқан жер участекелері;

8-ші аймақ: "Қазақ темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны аумағында, Т. Жароков көшесі, "Тұрғын үй-91" айдарымен қала салуға бөлінген жерлер орналасқан жер участекелері;

9-шы аймақ: Т. Жароков, С.Луганский көшелері және "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының орналасқан жер участекелері.

Арғыс қаласы бойынша:

1-ші аймақ: Қаланды орталығында орналасқан және "Қоңырат локомотив депосы" мекемесінен Төлеби көшесі мен Тәжібаев көшесі қызылысы, Қазыбек би, Әйтеке би,

Әділбек би көшесі мен Ташкент-Шымкент бағытындағы темір жол бойымен, "Қоңырат локомотив депосы" мекемесінен Төлеби көшесі қызылысындағы жер учаскелері. Темір жол бойлары. Қаланың орталығында жол бойымен Арыс қаласына кіргендегі темір жол үстінен өтетін аспа көпір жолымен, "Ергөбек" мәдениет үйі, Қабылсай арнасы, мал базар жанындағы көпірден бұрылыш, Тәжібаев көшесі бойымен Ибрагимов көшесі қызылысындағы жер учаскелері. 2-ші аймақ: Қаланың орталығында орналасқан және Арыс қаласына кіргендегі темір жол үстінен өтетін аспа көпірден Ташкент-Шымкент бағытындағы темір жол бойымен, саяжайға өтетін темір жол асты көпірінен, Кенжеханов көшесі бойымен, орталық Жами мешіті, Қонаев даңғылы тас жолы бойымен Арыс қаласына кіргендегі темір жол үстінен өтетін аспа көпірге дейінгі жер учаскелері. Қаланың орталығында орналасқан және Стадион тұрғын ауданы, Әділбек би көшесінен, Арыс-Ташкент темір жол бойымен Кенжеханов көшесі, Қабылсай арнасы бойымен, мал базар жанымен, Ақназаров, Жаппарқұлов, Исатай Тайманұлы, Әділбек би көшесі, Шымкент-Ташкент темір жолға дейінгі жер учаскелері. 3-ші аймақ: Қала шегінде және Арыс өзені жағасындағы "Оңтүстік" тұрғын ауданы, Ахметов көшесінен басталып, Қабылсай арнасымен, Отырар ауданы, Бөржар ауылдық округі жерімен шектесіп, Талдықұдық елді мекеніндегі Темір жол асты көпірінен, Ташкент-Шымкент темір жол бойымен, Ахметов көшесіне дейін.

"Талдықұдық" тұрғын ауданы, Арыс-Монтайтас тас жолы бойымен, Ташкент-Арыс темір жолы бойымен, "Умай Маркет" ЖШС, "Комбинат-Заря" мекемесіне дейін.

"Отырар" тұрғын ауданы, Арыс-Шардара тас жолы, Ипподром, "Клиника Ақниет" ЖШС, Арыс-Монтайтас жолына дейін.

"Наурыз" тұрғын ауданы, Арыс-Түркістан теміржол асты көпірінен өтіп, Шымкент-Арыс-Шардара айналма тас жолы бойымен, Сырдария тұрғынды аудан жерімен шектесіп, Арыс-Түркістан теміржолға дейінгі жер учаскелері.

"Көктем" тұрғын ауданы, әскери бөлімнің жері, Шымкент-Шардара тас жолы, Арыс-II вокзалымен шектесіп, Арыс-Шымкент темір жол бойымен қалаға кіретін темір жол үстіндегі аспа көпірмен, Арыс-Шымкент тас жолы бойымен Арыс өзеніне дейінгі жер учаскелері.

"Тараз" тұрғын ауданы, Арыс өзені жағасымен, Ақдала ауылдық округі жерімен шектесіп, Арыс-Шымкент тас жолы.

"Онтам" елді мекені, Ақдала ауылдық округі жерімен шектесіп, "Орман шаруашылығы" жері, Арыс өзенімен шектесіп, Шымкент-Арыс тас жолына дейінгі жер учаскелері.

"ПМС" тұрғын ауданы, Арыс-Шымкент тас жолы бойымен, Арыс өзенінен бұрылыш, Шымкент-Арыс темір жолымен шектесіп, темір жол бойымен, "ПМС" елді мекеніне кіре беріс жолға дейін.

(Почтовый, Хлопком, Лед завод, ШПЗ) Почтовый елді мекеніне өтетін темір жол асты көпірінен, Мақатаев көшесі, Арыс-Шардара тас жолы бойымен, Шардара-Арыс

айналма жол бойымен, Сырдария тұрғын ауданы жерімен шектесіп, Арапов, Абай, Асанқожа, Онғарбеков, Ханазаров көшелерімен Түркістан-Арыс темір жол бойымен Почтовой елді мекенінен өтетін темір жол асты қөпіріне дейінгі жер участелері.

4-ші аймақ: Қаланың солтүстігінен Сырдария тұрғын ауданы мен "Отырар" мөлтек ауданының арасымен шектесіп, батысқа қарай Қожатоғай ауылдық округімен шектеседі және қаланың оңтүстігіндегі темір жолы бойымен Талдықұдық тұрғын ауданына дейін шектеседі. Шымкент тас жолының оңтүстік бөлігінде орналасқан, Шығыс беті Арыс өзенін бойлай шектеседі, ал батысында темір жол бойы орналасқан. Арыс қаласының оңтүстік шығыс аймағында орналасқан. Оңтүстік шығыс жағы Ордабасы ауданы Бөржар ауылдық округі жерлерімен шектеседі, оңтүстік батыс тұсы темір жолға дейін, солтүстік бөлігі қаланың орталығымен шектеседі.

Арыс-Шымкент автотрасса жолының екі жағын бойлай орналасқан. Сонымен қатар қаланың солтүстігіндегі айналма темір жолдың жоғарғы бетінде орналасқан.

Кентау қаласы бойынша:

1-ші аймақ: Бірінші аймақ Кентау қаласының орталық бөлігінде орналасқан және ауданы 628,69 га аумақты алғып жатыр. Аймақ шекарасы М. Дулатов пен Құрманғазы көшелерінің қызылысында солтүстік бөліктен бастау алады және Құрманғазы көшесінің бойымен оңтүстік-шығыс бағытта С. Сейфулин көшесінің қызылысына дейін бағытталады, ол жерден осы көше бойымен оңтүстік-батысқа қарай Б. Момышұлы көшесіне дейін бағытты өзгертерді. Одан әрі шекара батыс бағытта өтеді және Жансүгіров көшесінің бойымен солтүстік-батысқа бұрылады және атауы жоқ көшемен Байтұрсынов көшесіне жетеді, сол жерден солтүстік-батыс бағытта Байтұрсынов көшесінің бойымен Т.Рысқұлов көшесінің қызылысына дейін өтеді. Шекара біткенде Т. Рысқұлов көшесінің бойындағы солтүстік-шығыс бағыттағы бастапқы нұктеге оралады.

2-ші аймақ: Екінші аймақ бірінші аймақты толығымен шектейді және ауданы 2189,04 га участекі құрайды. Аймақтың шекарасы аймақтың солтүстік бөлігінен Бала Бургем және Бейбітшілік көшелерінің қызылысынан бастау алады, одан Бейбітшілік көшесімен оңтүстік-шығыс бағытта атауы жоқ көшеге дейін, одан әрі шекара оңтүстік-батысқа қарай С. Торайғыров көшесіне дейін бұрылады. Содан кейін С. Торайғыров көшесімен шекара Ащысай көшесімен қызылысқа дейін оңтүстік-шығыс бағытта өтеді, онда ол қайтадан Ащысай көшесі бойымен оңтүстік-батыс бағытта қолданыстағы теміржол жолағына дейін бұрылады. Одан әрі шекара оңтүстік-шығыс бағытта жалғасады, одан әрі Құрманғазы көшесіне қарай, сол бағытта аймақ шекарасы Қожабаев көшесіне дейін барады, ол батыс бағытқа бұрылып, Қ.Құралбаев көшесіне дейін жетеді. Қ. Құралбаев көшесінің бойында шекара атауы жоқ көшеге қарай оңтүстік бағытта өтеді және бағытын өзгертерді, оңтүстік-батыста ол Д. Қонаев көшесімен қызылысады және Д. Қонаев көшесімен оңтүстік-шығыс бағытта теміржол бойымен өтетін көшеге жетеді. Содан кейін бұл көше бойындағы шекара оңтүстік-батысқа қарай жаңадан жобаланған көшеге дейін созылады, содан кейін

шекара бағытын солтүстік-батыс бағытқа қарай Қошқорған су қоймасын айналып өтетін көшеге дейін өзгерtedі. Бұдан әрі аталған көше бойымен шекара Қошқорған су қоймасын шығыс, солтүстік және батыс жақтарынан атаусыз көшеге дейін айналып өтеді, сол жерден оңтүстік-батыс бағытта атаусыз көшеге апарады, ол солтүстікке және осы атаусыз көшемен бұрылады және одан әрі солтүстік-шығысқа қарай Баялдыр ауылына апаратын автожолдың қыылышына және Бала Бургем көшесіне жетеді. Содан кейін Ащысай бағытында Түркістан қаласына баратын жолға жетіп, рекреациялық аймақ пен Қошқорған су қоймасының жерлерін айналып өтеді. Осы жол бойымен шекара оңтүстік-батысқа қарай Жарбасқан бағытына қарай бұрылады, сол жерден солтүстік бағытта "Кентау-Қарнак" жолына дейін жетеді. Осыдан кейін аймақтың солтүстік-шығыс бағытындағы шекарасы Қарнаққа апаратын тас жолға дейін және одан әрі жобаланған көше бойымен Баялдыр ауылына қарай шекара бастапқы нұктеге оралады. Мұнда Кентау қаласының аумағына қосылғаннан кейін ауданы 4602 га Қарнак тарапынан рекреациялық жерлер екінші аймаққа енгізілетінін ескеру қажет.

3-ші аймақ: Үшінші аймақ 1391,7 га құрайды. Үшінші аймақ Кентау қаласының солтүстік шетінде орналасқан, онда өндірістік нысандар мен одан әрі перспективалы құрылышты көздейтін жерлер орналасқан. Үшінші аймақ бір жағынан екінші аймақпен және екінші жағынан Кентау қаласы елді мекенінің шекарасымен толығымен шектеседі.

Оңтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының 2001 жылғы
27 маусымдағы № 11/127-11
шешіміне 2 қосымша

Түркістан облысының облыстық маңызы бар қалаларында жер участелері үшін төлемақының базалық ставкаларына қолданылатын түзету коэффициенттері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облыстық мәслихатының 25.06.2025 № 17/237-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Түркістан қаласы бойынша:

Аймақтың номірлері	Аймақтың түзету коэффициенттері
I	2
II	1,8
III	1,6
IV	1,4
V	1,2
VI	1
VII	0,8
VIII	0,7
IV	0,5

Арыс қаласы бойынша:

Аймақтың нөмірлері	Аймақтың түзету коэффициенттері
I	1,4
II	1,2
III	1,0
IV	0,8

Кентау қаласы бойынша:

Аймақтың нөмірлері	Аймақтың түзету коэффициенттері
I	1,3
II	1,1
III	0,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК